



Ембі ТЫНЫСЫ

№4 (121)
СӘУІР
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

Қорғаныс шебінде: ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР СУ БАСУ ҚАУПІНІҢ АЛДЫН АЛУДА

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты алаңдарында көктемгі су тасқынына қарсы дайындық шаралары тұрақты ұйымдастырылып келеді. Биыл да шара жалғасты. Алайда, Атырау облысында су тасқыны жағдайының қалыптан тыс шиеленісуіне байланысты, ЕМГ іс-шараларын жедел түрде өзгертті. Ағымдағы жылдың наурыз айының соңында ЕМГ-де су басу қаупінің алдын алу үшін жедел штаб құрылып, облыс және аудандардағы жедел штабтармен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді.

(Басы. Толығырақ 4-5 беттерде)



ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР РАМАЗАН
АЙЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ
ТІЛЕГІН ОРЫНДАДЫ



→ 2

МҰНАЙШЫЛАР БАҚСАЙ КАНАЛЫНЫҢ
ТАРМАҚТАРЫН АШУДА



→ 3

АРДАГЕРЛЕР ДЕ
ҚОЛҒА КҮРЕК ПЕН ҚАПШЫҚ АЛДЫ



→ 8

ATYRAU OIL&GAS

«Ембімұнайгаз» АҚ 21-ші Солтүстік Каспий аймақтық «Atyrau Oil&Gas» көрмесіне қатысты.

«Atyrau Oil&Gas» экспозициясында өз стендтерін ірі мұнай-газ өндіруші компаниялар, мұнай мен газды барлау және өндіру жөніндегі компаниялар, мұнай сервистік компаниялар, мұнай-газ жабдықтарын, жеке және өнеркәсіптік қорғау құралдарын, автоматтандыру және бақылау-өлшеу аспаптарының өндірушілері, жалпы алғанда Австрия, Әзірбайжан, Германия, Қазақстан, Қытай, Ресей, Түркия, Финляндиядан келген 102 компания ұсынды.

«Ембімұнайгаз» АҚ биылғы халықаралық шараның «Алтын серіктесі» болып табылады.

Ембіліктер үш күнге созылған көрмені тамашалаушыларға Компания қызметі жөнінде таныстырып, тәжірибе алмасу шараларына белсенді қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ – СЕРІКТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУ АЛАҢЫ



ЖАҢА ҚЫЗМЕТ

ЕМБІДЕ - ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУЛАР



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып Ғабатолла Толағайұлы Шанаев тағайындалды.

Бұған дейін компанияның бас технологы болған Ғ.Шанаев «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасарының міндетін қоса атқарып келген.

2024 жылдың 17-сәуірінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Ғ.Шанаев «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалды және «Ембімұнайгаз» АҚ Басқармасының құрамына сайланды.



«Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы болып Ербол Жалғасұлы Наурызбеков тағайындалды.

Бұған дейін Е.Наурызбеков «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы бастығының (Прорва кен алаңы бойынша) орынбасары қызметін атқарған.

2024 жылдың 18-сәуірінен бастап Е.Наурызбеков «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының бастығы болып тағайындалды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР РАМАЗАН АЙЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛЕГІН ОРЫНДАДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ қасиетті Рамазан айында «Бала тілегі» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

Орталық басқару аппаратының ұжымы, Компания мен өндірістік құрылымдық бөлімшелердің басшылығы Атырау облыстық арнаулы мектеп-интернатының 75 тәрбиеленушісінің тілегін орындады. Аталмыш мектеп-интернатта 140-қа жуық есту мен көру қабілеттері төмен, психикалық дамуында тежеу бар балалар білім алуда.

Акцияның аясында арнаулы мектеп-интернатта «тілек жәшігі» орнатылып, оған бастауыш сынып оқушылары өздерінің тілектері көрсетілген хаттарын салды. Хаттар ЕМГ басқармалары мен департамент ұжымдарына таратылды. Балалар өздерінің хаттарында негізінен мектеп формасы, спорттық және мен аяқ киімдерден көмек сұрапты.

Айта кету керек, Компания ұжымы баланың хатында

көрсетілген тілекпен тоқтамады, балаларға қажетті қосымша заттармен де толықтырды. Бұдан өзге, Ембі мамандары өз бастамаларымен балаларға футбол добын, көру қабілеттері төмен балаларға арнайы дайындалатын Брайля қағазын және тәттілер тарту етті.

- «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы үшін Рамазан айында қайырымдылық шарасын ұйымдастыру дәстүрлі шара. Биылғы шараның ерекшелігі-кішкене балаларға арналғандығы. Бүлдіршіндердің қалауына сай көмектер ұйымдастырылды. Акцияға үлес қосып, мейірімділік көрсеткен барша ембілікке алғыс айтамын, - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова.

Сыйлықтар балаларға Рамазан айында- Қадір түні қарсаңында табысталды.

Балалар мұнайшы аға-апаларына деген өздерінің алғыстарын өнерлерімен білдірді. Концерттік бағдарламаларын ұсынып, мерекенің сәнін арттырды.



Құрметті елбiлiктер, ардагер мұнайшылар!



Сiздердi келе жатқан 1-мамыр – Қазақстан халқы бiрлiгi күнiмен, 7-мамыр – Отан қорғаушылар күнiмен, 9-мамыр Жеңiс күнi мерекелерiмен құттықтаймыз!

Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын бiз әрқашанда мақтан тұтамыз.

Елiмiздiң өркендеуi жолында атқарып жатқан игi қызметтерiңiзге табыс, отбасыларыңызға

амандық, дендерiңiзге саулық, мол бақыт және бейбiт ғұмыр тiлеймiз.

Қазақстанның көпұлтты халықтары арасындағы бiрлiк пен ынтымақтастығы нығая берсiн! Қазақстанның көпұлтты халқының татулығы, ынтымақтастығы, бейбiтшiлiгi-бiздiң елiмiздiң ең басты байлығы. Оны көздiң қарашығындай сақтауға тырысайық.

Береке-бiрлiгiмiз арта берсiн!

Құрметпен, «Ембiмұнайгаз» АҚ басшылығы

МҰНАЙШЫЛАР БАҚСАЙ КАНАЛЫНЫҢ ТАРМАҚТАРЫН АШУДА

«Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасы су тасқынының алдын алу мақсатында Бақсай каналының теңізге құяр үш тармағын тазалап, ашу жұмыстарын жүргізді.

Айта кетейік, Исатай ауданында төтенше жағдайға байланысты құрылған штаб әр суынан қорғану, канал жағасын нығайту жұмысына жауаптыларды бекіткен еді.

Бақсай каналының теңізге құятын үш тармағын тазалап, бітеліп қалған тұстарын ашу «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнайшыларына тапсырылды. Олар су жүретін арналарды ауыр техниканың көмегімен ашып, ішкі жағын жоғарғы қысымдағы агрегат машиналармен жуып-тазалап, тасқын судың Каспий теңізіне қарай емін-еркін өтуіне жағдай жасады.

Канал тармақтарын ашу жұмыстары сәуірдің 5 күні басталды. 10 техника мен «Жайықмұнайгаз» басқармасының 100-ден астам мұнайшысы жұмылдырылды.



Есіркеп каналы
Аққыстаудан 15 шақырымда орналасқан. Канал бойы тазаланып, жағасы көтеріліп, судың теңізге шығуына мүмкіндік жасалды. Судың теңізге шығар аумағы қапшықтармен қапталды.



Төменгі Бақсай (Жанай) каналы
Тұшықұдық ауылы тұсынан - 21 шақырым жерде. Канал жағасы 2 метрге көтерілді. Жайылма су канал арқылы теңіз орнына шығып, таралуда.



Мартыши (Құбайдолла) каналы
Х.Ерғалиев ауылынан 25 шақырым жерде. Теміржолға дейін 20 шақырымдай болатын ұзындығы 2 метрлік бөгет соғылды. Канал бойы тазартылып, ашылды.

ҚОРҒАНЫС ШЕБІНДЕ: ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

ЕМГ-нің жедел штабы жергілікті атқарушы органдармен, соның ішінде Қызылқоға, Мақат, Исатай, Жылыой және Махамбет аудан әкімшіліктерімен тәулік бойы байланыста. Айта кету керек, «Ембімұнайгаз» АҚ төтенше жағдай жарияланған күннен бастап жергілікті әкімшіліктердің сұранысына орай арнаулы техникамен, құрылыс және қорғаныс материалдарымен, жанар-жағармаймен қолдау көрсетіп, аудандардағы жағалауды бекіту үшін жұмыс күшін бөлді.

Компания ұжымы каналдарды тазартумен және жағаларды бекіту жұмыстарымен айналысты. Атырау облысы Исатай ауданында Каспий теңізіне құятын Бақсай және Нарын каналдарының шлюздері ашылып, ескі бөгеттерді нығайту және ұзарту жұмыстары дереу қолға алынып, бүгінде аяқталды.

Атырау облыстық жедел штабтың ұйғарымымен Компанияға 3 учаске бекітіліп берілді. «Ембімұнайгаз» АҚ су тасқынынан қорғаныс жұмыстарын ағымдағы жылдың 5 сәуірінен бастады. Нақтыласак, Алмалы ауылындағы 2 250 м, Сарыөзек ауылындағы Қараөзек каналының бойындағы 5930 м, әскери бөлімшедегі 974 метрді құрайтын

жағалауды бекіту жұмыстарын ембілік мұнайшылар өз күштерімен орындады.

Су қаупінің алдын алу шараларына күн сайын орташа есеппен 383 адам, 62 техника жұмылдырылды. 59 мың 670 текше метр топырақ төгіліп (6 262 рейс), 158 мың қапшыққа топырақ толтырылды.

Сарыөзек ауылындағы каналды нығайтудың маңыздылығы мұнда 500-ден астам отбасы тұруымен қатар, маңызды деген үш әлеуметтік нысан орналасқан. Нұрсая, Самал мөлтек аудандары және стратегиялық маңызы зор нысан - Хиуаз Доспанова атындағы Атырау халықаралық әуежайы осы учаске бойында.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на берілген аумақтарда жағалауды бекіту жұмыстары толықтай аяқталды. Атырау облыстық Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының мамандары жұмыстың сапасына бақылау жасап, «жақсы» деген қорытындысын берді. 3 жерде Жайық өзені деңгейін бақылайтын шкала орнатты. Су деңгейін дәл анықтау үшін Балтық биіктік жүйесі бойынша бөгеттердің биіктігі минус 21,5 - 22 метр көрсетіп тұр, - деп атап өтті өз сөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік қызметіне келсек, барлық кен алаңдары



СУ БАСУ ҚАУПІНІҢ АЛДЫН АЛУДА




қалыпты режимде жұмыс істеп тұр. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, жер қойнауын қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптары орындалған.

Соған қарамастан, су басу қаупі мүмкін деген кен орындарында сақтық шаралары қолға алынып, қорғаныс жұмыстары жүргізілуде. Қолданыстағы бөгеттер нығайтылуда.

Сонымен қатар, жұмысшылардың,

өндірістің, көліктің және экологиялық қауіпсіздік шаралары күшейтілді. Компанияның өндіріс алаңдарында су басу қаупі бола қалған жағдайда жұмысшыларды эвакуациялауды, ұңғымаларды тоқтатып, суды сорып алу, тәуекелдерді жою және азайту, төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл алгоритмін әзірлеу, қажетті көмектермен қамтамасыз ету бойынша жоспарлар жасақталды.



ІЗГІЛІК

ЖОЛ ЖИЕГІНДЕ ҚАЛҒАН

ДОССОРЛЫҚ МҰНАЙШЫЛАР
ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ ЫСТЫҚ ТАҒАМ ЖЕТКІЗДІ



«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы мұнайшылары шетелдік 350 жүк көлігінің жүргізушілеріне ыстық тамақ әкелді.

Атырау облысының Жылыой ауданындағы су тасқынынан кейін шетелдік 350-ге жуық жүк көлігі жолға шыға алмай қалды. Олардың арасында Түрікменстан мен Өзбекстанның, Украина мен Молдаваның, Румынияның, еліміздің өзге өңірлерінде тұратын жүргізушілер болды. Австрия елінің екі жүргізушісінің тұрғанына біраз болған.

Жүк көліктері Өзбекстанға, Ақтау қаласына бағыт алған. Мәселен, түрікменстандық Мехбан Амангелдиев Ресейден келе жатыр. Ол мұнда 5 сәуірден бері тұр. Ал, Өзбекстан Республикасының азаматы Шохир Раббиев Түркиядан жолға шыққан.

«Біз Өзбекстанға Құлсары арқылы шығуымыз керек еді. Бірақ, Доссормен екі ортадағы жолды су шайған соң жүруге рұқсат берілмеді» - дейді Шохир Раббиев.

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы өз еркімен қаржы жинап, жолда қалған жүргізушілер мен көмекшілеріне ыстық тамақ, өзге қажетті азық-түлік әкеліп берді.

- Атырау мұнайшылары әлеуметтік көмекке мұқтаж жандар үшін ұдайы қайырымдылық шараларын тұрақты ұйымдастырып келеді. Өңірде су тасқынына байланысты қиындық туындап тұр. Алыс жолға шығып, үйінен жырақтаған жүк көліктерінің жүргізушілерін ыстық тамақпен, азық-түлікпен қамтуды көздедік. Қазір Доссор кентінің маңында тұрған жүк көліктерінде 450 адам бар, - дейді басқарма басшысының орынбасары Қуандық Қалидуллин.

ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК

«Ембімұнайгаз» АҚ «Жас мамандар кеңесінің» бастамасымен #Күшімізбірлікте акциясы аясында көктемгі тасқын суынан зардап шеккен отандастарға гуманитарлық көмек көрсетілді.

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕРІКТІ ІСТЕРІ

Жас ембіліктер 1 миллион теңгеге жуық қаражат жинап, көршілес Ақтөбе облысына дәрі-дәрмек, көрпеше-жамылғылар, азық-түліктер және басқа да қажетті тұрмыстық заттарды жіберді.

Сонымен қатар, мөлшерден тыс жауған жауын-шашын салдарынан үйін су басып, зардап шеккен Атырау қаласының 1 отбасына да азық-түлікпен көмек көрсетілді.

Сонымен қатар, Ембі жастары су басқан Құлсары қаласына

қап, күрек және басқа да керек-жарақтар сатып алып, көмек көрсетті.

Құлсары қаласы арадағы тасжолдың жабық болуына байланысты гуманитарлық көмек теміржол тасымалы арқылы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ғы

әріптестерге жеткізілді.

Ембілік жас мамандар ел басына күн туған шақта көмекке белсенді жұмылуға. Үндеу жариялап, ұсынысты бірауыздан қолдаған әріптестерге алғыстарын білдіреді және қатарға қосылуға шақырды.



КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

ЖАҢАӨЗЕНДІКТЕР АТЫРАУҒА КӨМЕККЕ КЕЛДІ



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на қарасты еншілес мекемелер Атырау өңірін көктемгі су тасқынынан қорғауға, апаттың салдарын жоюға гуманитарлық көмек көрсетуде.

Жылыой ауданында төтенше жағдайдың жариялануына орай көрші облыстағы әріптестеріміз - «Өзенмұнайгаз» АҚ -ның ұжымынан құрылған көмек бригадасы келді.

Өзенмұнайгаздық мұнайшылардың бригадасы Атырау қаласында, Жылыой ауданында, Қарабатан аумағында жұмыс істеп, оған арнаулы техникаларын да жұмылдырды.

1 дана самосвал, 4 дана жүк көтергіш, 1 дана УДС, 1 дана жанар жағармай тасымалдайтын көлік (соляралық), жұмысшыларды тасымалдайтын 2 дана автобус, «Пикап» автокөліктерімен қамтамасыз етілген бригада Атырау өңірін тасқын судан қорғауға атсалысты. Атап айтсақ, Атырау қаласы бойынша Сарыөзек учаскесінде ұзындығы - 1,5 шақырым, ал, Қарабатан аумағында 1 шақырым бөгеттер соқты.

Жылыой ауданында су тасқыны орын

алған Құлсары қаласында 8 мың тонна топырақ тасып, судан тазарту жұмыстарын қолға алды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ су басқан Құлсары қаласына 4 жүк көтергіш (фронтальный погрузчик) көлігі, 10 самосвал, 1 экскаватор УДС, 1 жанар-жағармай тасымалдаушы техника, сонымен қатар, азық-түлік, жанар-жағармай, қажетті құрал-саймандар жіберді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ, Жаңаөзен қаласы әкімдігі мен «Өзенинвест» МКК жұмысшыларынан құралған арнайы топ (41 адам) пен транспорттық техникалар Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласында орын алған апаттық жағдайға байланысты 6-сәуір күні көмекке келді.

Техникалар қатарында, 4 дана Трал, 4 дана Хон (погрузчик), 8 дана жүк көлігі, 1 дана УДС, 1 дана дизельді тасымалдаушы (соляралық) және 2 автобус бар. Оған қоса жаға бекіту жұмыстары үшін 400 дана күрек, қап, су етік және қолғаптар жеткізілді.

Олар Құлсары қаласындағы Мешіт, 7, 6-ауылдар мен СМП 224, Жадырасын, Мұрагер, 5 А, 1 ықшам аудандарында суға кеткен аумақты қалпына келтіру жұмыстарына үлестерін қосты.

ОҚЫРМАН ХАТЫ

1941-1945 соғыс жылдары майданға аттанған ерлердің орнын алмастыру, мұнай кәсіпшілігін тоқтатпау мақсатында әйелдерді өндіріске тарту туралы үндеу жарияланып, көптеген жұмыстар жүргізілді. Сол кезде әйелдер мен қыздар мұнай кәсіпшілігінде 8-12 сағаттан жұмыс жасап, үндеуге қызу үн қосты. Олар әрбір іске ұйытқы, ынтымаққа тірек, береке-бірлікке мұрындық болып, Жеңіс күнін жақындатуға зор үлес қосты. Асыл аналардың ұрпақтары үзілмей, олардың қыздары да ежелден қалыптасқан қайраттылығын, төзімділігін көрсеткен.



дамылсыз жұмыста болған Жібек күн өткен сайын көңдіге берді. Кезегіне келгенде бұрын болған әріптесінен алдымен екеуара берілген жұмыс шеңберін қабылдап алып, кәсібіне кіріседі. Бір мотормен басқарылатын эксцентрикке 26 ұңғыдан тартылған өнім жиналатын. Ұңғыларды кідіртуге болмайды. Талай рет үзілген штанганы нәзік қолдарымен жалғағанын қалай ұмытады. Ақаулы тұстардан кеткен мұнайды елеусіз қалдыруға болмайды. Сүзіп, шүберекке сіңіріп алады. Сосын шелекке сығып, тұндырып қояды. Жинақталған қорды қабылдап алатын Мансарай Берниязов әрбір тамшыны

Қиналса да қаны қайнап, жүдеп жүз
- Енді мұнда біз – жұмысшы, тірек – біз,
Мен мұнайшы боламын, - деп сыбанып
Бахтаға да тұрды алғаш Жібек қыз.

Ол уақытта жеңісті көп аңсады,
Темір ұстап қыздың нәзік саусағы.
Адам жетпей жатқанда ол вахтаға
Тәулік бойы тұрып, қатты шаршады.

Берген сертті орындап ол осылай,
Жүріп жатты қиындыққа жасымай.
Үйге келмей кей кездері апталап,
Қонып қалып жүрді жұмыс басына.

Жау шегінді Жеңіс күні жақындап,
Туған жерді алмақ емес жат ұрлап.
- Жеңіс! Жеңіс! – деп сүйінші сұрап жүр,
Ал, біреулер, қуанғаннан жылап жүр.

Таң атқанда күлімдеген арайлы,
Айналаға мақтанышпен қарайды.
Осыншама қолға қонған бақытты
Тек мұнайдан таптым деп ол санайды» - деген өлең жолдарын

МАРТЕБЕСІ БИІК МҰНАЙШЫ

АРДАГЕР ЖІБЕК СЕГІЗАЛИЕВА ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

Олардың ішінде есімдегі тарихта сақталған мұнайшы апарларымыз бар. Солардың қатарында Доссорда қаршадайынан қатардағы мұнайшы боп істеген анам Жібек Сегізалиеваның есімін ерекше аталатыны біздің, ұрпағының жүрегіне қуаныш, мақтаныш сезімін ұялатады.

Әкем Батырхан Утеулиев 17 жасында соғысқа қатысып, 45 жасында өмірден өтті. Қазіргі «Мұнаймаш» мекемесінде еңбек етті. Апамның да еңбек жолы ерлікке толы болды. 16 жасынан Доссор кәсіпшілігінде оператор болып еңбек жолын бастап, «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Аудан халқы оны Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп бірауыздан сайлады. Әйелдердің Бүкілодақтық I съезіне қатысты. Мақат ауданының Құрметті азаматы атағына ие болды. Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер атанды. Бір өзінің нәзік иығына бірнеше жауапкершілігі мол жұмыстарды қатар алып жүрсе де, еш қаймықпады. Алға жүріп, ұжымды да жетелей білді.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Мақсұт Қуатбай «Атамұнай» кітабында қалдырған өз жазбасында: «Үлкен инженер болып, Доссорымды дүрілдете түссем» деген ішкі арманнан арылмай жүргенде кенет бүрк ете түскен Отан соғысының өкілдері өрті бұның да жас жүрегін жалынға шарпытты. Күйік отын басу үшін мұнайшы болуды қалай берді. Күнделікті кәсібінде саланың батпан салмағын, ауыртпалығын көзімен көрген, кеудесімен көтерген Берғали нәзік қызына асығыстық жасамауды айтқан еді. Бірбеткей Жібек алған бағытынан қайтқысы келмеді. Жеті сыныпты бітірген көлік жөндеу зауытында үйренуші болып жүрген жерінен өз еркімен Мақаттағы фабрика-зауыт училищесіне бара жатқан 65 жасөспірімнің қатарына қосылды.

Тығыншықтай талдырмаштың бармақтай бағы бар екен. Өндіріске бөлгенде Жібек майтаман мұнайшы Ақберген Төрехановтың жанына тап болды.

Соғыстың сұрапылы оны ерте есейтті. Тәулігіне 12 сағат

АҚЖАРМА ТІЛЕК

*Қыран құстың қыралығын берсін!
Алмас қылыштың өткірлігін берсін!
Асқар таудың бийігін берсін!
Ішетін судың мөлдірлігін берсін!
Ата-бабамыздың қиындығын,
әке-шешеміз көрген соғысты кейінгі ұрпақ көрмесін.
Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!
Жүрген жерлеріңіз көкөрай шалғын болсын!
Жел құбыладан соқсын!*

таразылап өлшейді. Тәулігіне доссорлық 300 тоннадан астам мөлдір мұнай Жеңіс жолына жаратылып жатты.

Сауықтан сырт, қызықтан қағажу өскен бойжеткендер жұмыстан шалдығып келсе де, қарап қалмайды. Қолдары қалт еткенде бес ине ұстап, иірілген жүннен шұлық қолғап тоқиды. Оларды майдандағыларға жөнелту үшін ауылдық кеңеске әкеліп тапсырады. Тындырымдылығымен таныла бастаған қыздың еңбек жетістіктері де еленіп жүрді. Жібек өз ортасының белсендісі болды. 1947 жылы КОКП қатарына қабылданған тұста №290 ұңғыдан күшті мұнай бұрқағы атқылады. Жас коммунистка осында барғысы келіп, ұмтылыс жасаса да, үйреніп қалған Доссорын қимады», - деп жазған.

«Соның бірі Жібек апай қадірлі,
Іске мығым, мейірімді жан ізгі.
Бар жігерін, жастық шағын арнаған
Молайтуға мұнай селін ағызып,

Онда Жібек тіпті жап-жас қыз еді.
Қара шашы аш беліне түседі,
Соғыс ашып сұм фашистер кенеттен
Отан үшін ауыр күндер басталды.

да ақын Амангелді Жылқышиев «Ардагер» кітабында қалдырған.

-Журналист Гүлзада Саликова «Мұнайшы қыздар – нар қыздар» кітабында, Лондоннан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шыққан энциклопедия жинағында апам туралы жазылған. Әрбір 10 жыл сайын туған күніне шаралар өтіп жүрді. Бір жылдары апам «УАЗ газ-69» автокөлігін сыйға тартты. Сол көлікті мен жүргізіп жүрдім. Бұл кезде қыздар көлік жүргізбейтін еді. Анам туралы қоғам қайраткері Саламат Мұқашев: «Жібек Сегізалиева – Ембінің тұңғышы. Доссорда туып-өскен, қаршадайынан қатардағы мұнайшы болып істеген. Халқына қамқоршы болғаны жұртты сүйсіндіретін. ҚР Жоғарғы кеңесінің депутаты, обкомға мүше, жергілікті кеңестерге депутат болды. Шынымды айтсам, Жібекті көргенде «өзіміздің бірге өскен Жібек қой» деп иек қағып өтіп кете алмайтынмын. Ол қайсарлығымен, өз ұжымының, ауданының мұқтаждығын сұрайтын да, алмай тынбайтын» деп жазды.

Мен ата-анамның тұрған үйінде тұрамын. Бақтыгүл есімді жалғыз сіңілім бар. Ол да ана жолын қуып, мұнайшы болып еңбек етті. Денсаулығым да сыр беріп, көзім нашар көреді. Үйде жылыту қазандығын жаңарту, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін облыстағы іргелі ұжым – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылығынан көмек сұрадым. Тауымды қайтармай, өтінішімді орындады. Отандық мұнай өндіруші компанияның басшысы Сәбит Арыновқа, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның бастығы Серік Әбдиевке, әлеуметтік саланың жауапты мамандары К.Калидуллинге, Ә.Олжағалиевке, С.Рахметоваға, Ж.Арыстановаға айтар алғысым шексіз.

Сонымен қатар, ауданымыздағы әлеуметтік саланың қызметкері М.Мұхамбеталиеваға да шексіз ризашылығымды білдіргім келеді. «Қартын қадірлеген ел бақытты» демекші, осындай кейінгі ұрпақ барда еліміздің мұнай-газ саласы өркендеп, дами бермек. Барша ембілік мұнайшылардың еңбегіне табыс, отбасыларына амандық-береке тілеймін!

Бағытжан БАТЫРХАНОВА,
мұнайшы ардагердің қызы,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ зейнеткері

МЕРЕЙГЕР

Ембілік ардагер Шол Абдрахманова 90 жасқа толды

Көпбалалы отбасында тәрбиеленген Шол Бақтиярқызы әке жолын қуып, еңбек жолын Доссордағы ұңғымаларды жерасты жөнлеу цехынан бастады.

Ембі кен алаңдарында ұзақ жылғы еңбек өтілінде кәсіби маман, адами болмысы жоғары жан ретінде сан мәрте көрсете білген Шол Бақтиярқызы ұңғымаларды жерасты жөнлеу шебері, өндірістік-

техникалық бөлім инженері қызметтерін абыроймен атқарды.

Мерейжас иесін «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев пен Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт Сматуллин үйіне барып, құттықтады.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұстанған басым бағыттарының бірі – ардагерлерге құрмет көрсетіп, оларды ұдайы қамқорлыққа алу. Бұл – ембіліктердің қарапайым еңбек адамына, аға буынға көрсеткен шексіз құрметтері.



Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.